БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 147 (9465) | 1954 жылғы 25 июль Жексенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

Бүгін—ССРО Соғыс-Теңіз Флоты Күні.

Батыр совет теңізшілерінің даңқы арта берсін!

Барлық жеңістеріміздің ұйымдастырушысы және дем берушісі—ұлы Коммунистік партия жасасын!

СОЦИАЛИЗМ ЕЛІНІҢ ҚУАТТЫ ФЛОТЫ

Бүгін Отанымыз даңқты мереке —ССР Одағының Соғыс -Теңіз Флоты Күнін мерекелейді. Бұл күнді совет халқы коммунизм құрылысының барлық саласында қол жеткен жаңа табыстармен қарсы алып отыр. Бұл олардың жылма- жылғы айнымас дәстүрі.

Қуатты социалистік еліміз коммунизм құрылысы жолымен берік сенімде алға басуда. Өз Отанына, Коммунистік партиямыз бен Совет Үкметіне шексіз берілгін совет халқы дүние жүзіндегі ең ірі кеме жүретін И. В. Сталин атындағы Беломор- Балтық каналын, Москва атындағы каналды, В. И. Ленин атындағы Еділ-Дон каналын салды. Мұның натижесінде кең байтақ Отанымыздың сәулетті астанасы —Москва бес теңіздің портына айналды.

Совет Одағы —ұлы теңіздік мемлекет. Біздің мемлекеттік шекарамыздың үштен екі бөлегі теңіздермен және мұхиттармен көмкерілген, Атлантика, Тынық және Солтүстік мұхиттарға шығуға толық мүмкіншілігіміз бар. Мұның барлығы Отанымыздың жауларының Россияны теңіздер мен мұхиттардан шеткері ұстауға қолдының бақкан шараларының барлығының күлі көкке ұшқандығын дәлелдейтін айқақты фактілер. Гангуттегі, Чесмедегі, Корфудегі, Тендредегі, Синоптағы және басқа да даңқты су шептеріндегі орыс флотының ұлы жеңістері жөніндегі даңқ ешуақытта өшпек емес. Бұл сыяқты ұлы жеңістеріміз Бірінші Петрдің, Ушаковтың, Сенявиннің, Лазаревтің, Нахимовтың, Корниловтың, Бутаков пен Макаровтың есімдерімен тығыз байланысты.

Ұлы Коммунистік партиямыз бастаған советтік соғыс теңізшілері флоттағы революциялық қозғалысқа, патшаны тағынан тайдыруға және елімізде совет өкметін орнатуға белсене қатысты. «Аврора» крейсері өзінің зенбіректерінің қуатты үнімен бүкіл дүние жүзіне социалистік революцияның дәуірі басталғандығын хабарлады.

Американ- ағылшын империалистері сол кезде жас Совет мемлекетін жойып жіберу мақсатын көздеді. Бірақ, Коммунистік партиямыз құрып, тәрбилеген, шыңықтырған Қарулы Күштеріміз Отанымыздың намысын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды. Советтік флотта тәрбиеленген теңізшілеріміз өздерінің Отан алдындағы борыштарын абройлы орындап шықты, олар гитлершіл айуандармен қанды айқастарда шексіз ержүректілік және батырлық көрсетті, флотымыз жаяу әскер күштерінің флангілерін қорғай отырып, жаудың кемелерін зор шығындарға ұшыратты. Мұның арқасында гитлершілердің советтің теңіз шептеріне бірде-бір десант түсіруге мүмкіншілігі болмай қалды. Ал, біздің Соғыс-Теңіз Күштеріміз жаудың флангілерімен тұсыртына десант түсіру жөніндегі тапсырманы асқан шеберлікпен орындап шықты. Соғыс теңізшілерінің жаппай батырлық, табандылық және ерлік, сол сыяқты, жауынгерлік белсенділік пен әскери шеберлік көрсеткендіктері жөнінде талай мысалдар бар.

Теңізшілеріміз қаһарман қалалар Ленинграды, Одессаны, Севастопольді, Сталинградты қорғау күндерінде бұрынсоңды болып көрмеген табандылық көрсетті. Сталинград үшін болған ұрыстарда Еділ флотилиясының теңізшілері әскерлерімізге баға жетпес көмек көрсетті. Олар артиллериядан дүркін- дүркін әк атып, қаланы қорғап тұрған әскер бөлімдерін қолдап тұрды, әскерлер мен жауынгерлік техниканың арғы бетке өтуіне қолғабыс тигізді, жаралыларды аман сақтауға және жаудың тұсыртына десант түсіруге көмек жасады. Дунай флотилиясы теңізшілерінің де ержүректілігі мен табандылығы бұдан кем болған жоқ. Бұл флотилия Белградты, Будапешт пен Венаны азат етуге белсене қатысты. Днепр флотилиясының жауынгерлік жолы да сүйсінерлік.

Ұлы Отан соғысы жылдарында көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін 513 теңізшіге Совет Одағының Батыры атағы берілді. Соғыс-Теңіз Флотының 350 мың матросына, старшиналары мен офицерлеріне Совет Одағының орденді мен медальдары тапсырылды. 200-ден аса корабльдер, бөлімдер мен құрамалар және 2 флотилия жоғары наградаға ие болды. Ондаған корабльдерге, бөлімдер мен флот құрамаларына гвардиялық құрметті атақ берілді.

Неміс- фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңісімізбен аяқталғаннан кейін ССР Одағы-

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің 1954 жылға арналған мемлекеттік жоспарының бірінші жартыжылдықта орындалу қорытындылары туралы

ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық Статистика Басқармасының хабары

1954 жылғы бірінші жартыжылдықта өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығы мен транспорттың өркендеуі, күрделі құрылыстың өсуі, ішкі және сыртқы сауданың ұлғаюы, жұмысшылар мен қызметшілер санының өсуі және мәдениет құрылысы мынадай мәліметтермен сипатталады:

I. Өнеркәсіпте өндірістік жоспардың орындалуы

Бірінші жартыжылдықта жалпы өнім өндіру жөніндегі жоспар өнеркәсіпті тұтас алғанда 102 процент орындалды.

Жеке министрліктер жалпы өнім өндіру жоспарын мынадай мөлшерде орындады:

	1954 жылғы бірінші жартыжылдық жоспардың орындалу проценті
ССРО Қара металлургия министрлігі	100,5
ССРО Түсті металлургия министрлігі	102,0
ССРО Көмір өнеркәсіп министрлігі	101,0
ССРО Мұнай өнеркәсіп министрлігі	101,0
ССРО Химия өнеркәсіп министрлігі	103,0
Электр станциялар министрлігі	104,0
ССРО Электр- техникалық өнеркәсіп министрлігі	104,0
ССРО Радио -техникалық өнеркәсіп министрлігі	105,0
ССРО Ауыр машина жасау министрлігі	103,0
Станок жасау және құрал- сайман жасау өнеркәсіп министрлігі	103,0
Транспорт машиналарын жасау министрлігі	107,0
Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау министрлігі	105,0
Машина- жасау және аспап жасау министрлігі	104,0
Құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігі	102,0
ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі	104,0
ССРО Ағаш өнеркәсіп министрлігі	96,0
Қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсіп министрлігі	101,0
ССРО Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп министрлігі	104,0
ССРО Азық- түлік товарлары өнеркәсіп министрлігі	103,0
ССРО Балық өнеркәсіп министрлігі	96,0
ССРО Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігі	90,0
Жол қатынас министрлігінің өнеркәсіпорындары	106,0
ССРО Мәдениет министрлігінің өнеркәсіп орындары	106,0
ССРО Денсаулық сақтау министрлігінің өнеркәсіп орындары	105,0
Жеңілдікті және отын өнеркәсіп министрліктері және отақтық	
Бу турбиналары	112,0
Ірі су турбиналары	204,0
Турбогенераторлар	104,0
Су генераторлары	134,0
Ірі электр машиналары	115,0
Электр моторлары	115,0
Магистральдық паровоздар	131,0
Магистральдық электровоздар	104,0
Троллейбустар	109,0
Жүк автомобильдері	110,0
Жеңіл автомобильдер	127,0
Автобустар	168,0
Мотоциклдер	166,0
Шарикті және роликті подшипниктер	116,0
Металлургия жабдықтары	108,0
Экскаваторлар	117,0
Ауыр және уникалдық ірі станоктар	122,0
Химия жабдықтары	115,0
Жіп иіру машиналары	114,0
Тоқыма станоктары	142,0
Есеп машиналары	139,0
Тракторлар	119,0
Трактор плугтері	111,0
Өздігінен жүретін шөп машиналары	157,0
Трактор культиваторлары	101,0
Егін жыйнайтын машиналар	137,0
Қызылша жыйнайтын комбайндар	201,0
Астық тазалайтын машиналар	117,0
Каустикалық сода	111,0
Кальцинленген сода	112,0
Минералдық тыңайтқыштар	111,0
Ауылшаруашылық өсімдіктерінің зиянкестеріне қарсы күреске арналған у химикаттары	131,0
Қағаз	109,0
Цемент	115,0
Терезе шынылары	117,0
Шифер	121,0
Үй төбесін жабатын жұмсақ материал	110,0
Кірпіш	113,0
Стандартты үйлер	102,0
Спирт	114,0
Мақта маталары	103,0
Кенеп маталар	110,0
Жүн маталар	119,0
Жібек маталар	157,0
Былғары аяқкиім	110,0
Резинка аяқкиім	103,0
Шұлық- үйық бұйымдары	110,0
Тоқыма ішкі киім	117,0
Тоқыма сыртқы киім	112,0
Велосипедтер	130,0
Радиоқабылдағыштар	207,0
Телевизорлар	288,0
Патефондар	132,0
Тігін машиналары	125,0
Сағаттар	129,0
Фотоаппараттар	142,0
Пианино және рояльдер	124,0
Тұрмыстық тоңазытқыштар	316,0
Тозаң сорғыштар	449,0
Металдан жасалған кроватьтар	172,0
Мебель	128,0
Ет және шұжық заттары	102,0
Балық	113,0
Сүт өнемдері	110,0
Қойытылған сүт	112,0
Өсімдік майы	117,0
Маргарин	116,0
Сыр	105,0
Кондитер тағамдары	105,0
Макарон тағамдары	116,0
Консервтер	105,0
Шай	114,0
Сабын	122,0

мыз азамат соғысы жылдарында Балтық теңізінде американ- ағылшын басқыншылары мен ақгвардияшыларға өлтіре соққы берді. Қара теңізде, Каспиде, Қыйыр Шығыста және Солтүстікте совет теңізшілері совет өкметінің жауларына қарсы батырлықпен шайқасты. Бұл күрестің И. Окунев, А. Железняков, Н. Маркин сыяқты батырларының өшпес даңқы әлі біздің есімізде. Бұлардың даңқтары совет теңізшілерін Отан игілігі жолында нелер қыйыншылықтарға төзуге және жаумен өліспей бітіспеуге жігерлендіреді.

Советтік Соғыс- Теңіз Флоты совет халқының сүйікті перзенті, ол еліміздің өркендеуімен біте қайнап нығайды және күшейді. Индустриалдыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясатын жүзеге асыру нәтижесінде қуатты экономикалық тірек —Отанымыздың қорғанымпаздығының негізі жасалды. Біздің кеме құрылысы өнеркәсіптеріміз флотқа техниканың соңғы озық жетістіктері негізінде жасалған кемелер берді. Соғыс теңізшілерінің кадрлары жасалды.

Даңқты Коммунистік партиямыз Соғыс- Теңіз Флотының онан әрі өркендеуіне және жетілдірілуіне әрқашан да көңіл бөліп келеді. Міне, сондықтан да мұхиттық және теңіздік ұлы флотымыз жасалды, еліміз қуатты елге айналды. Соғыс- Теңіз Флотының тууы, өркендеуі және барлық жауынгерлік табыстары, сонымен бірге совет теңізшілерінің мыңдаған жас кадрларының тәрбиеленіп шығуы Коммунистік партиямыздың ұйымдастырушылық және дем берушілік күшімен тығыз байланысты деп зор сеніммен әрі мақтанышпен айта аламыз.

Советтік Соғыс-Теңіз Флоты Ұлы Отан соғысының дастанына жаңа беттер қосты. Коммунистік партияға, Совет Үкметіне, халқымызға шексіз берілгендік рухының Қарулы Күштерінің алдына совет адамдарының бейбіт еңбегін және Ұлы Отан соғысындағы жеңістерін сенімді қорғау сыяқты қасиетті міндет қойылды. Бүкіл Қарулы Күштеріміздің жауынгерлері сыяқты, совет теңізшілері де бұл міндетті аброймен орындауға жаппай жұмылды. Олары бұған коммунистік партиямыздың, Совет Үкметінің, бүкіл халқымыздың күнбе- күнгі жасап отырған қамқорлығы жігерлендіріп отыр.

Партиямыз бен үкметіміз флоттың командалық кадрларын даярлауға және олардың әскери шеберліктерін жетілдіруге үзбей қамқорлық жасап, қолма- қол көмек көрсетіп келеді. Біздің қуатты Отанымыздың социалистік өнеркәсібі партиямыз бен халқымыздың тілегін орындай отырып, социализм елінің қуатты Соғыс- Теңіз Флотын озат техникамен, қару -жарақпен, күрделі механизмдермен және дәлме- дәл аспаптармен жабдықтауда. Осындай қамқорлыққа бөленген және күнбе- күн, қолма- қол көмек алып отырған, даңқты Коммунистік партиямыздың төңірегіне берік топталған совет теңізшілері сүйікті Отанымыздың теңіздік жағалауларын сеніммен қорғауға әрқашан да әзір. Мұны олардан совет адамдарының бейбіт еңбегі, Отанымыздың мемлекеттік мүдделері мен тілектері талап етеді, мұны олардан коммунизм құрып жатқан халықтың бейбіт еңбегін тоқтатпақ болуға жанталаса тырысып бағатын агрессорлардың әрекетінің күл- талқанын шығару мүддесі талап етеді.

Біздің даңқты Соғыс- Теңіз Флотымыз жасасын!

Қаһарман совет халқы жасасын!

Біздің Совет Үкметі жасасын!

Жеңістеріміздің ұйымдастырушысы және дем берушісі—Коммунистік партиямыз жасасын!

ССР Одағы Қорғаныс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

25 июль 1954 жыл **№ 123** **Москва қаласы**

Жолдастар, матростар мен солдаттар, старшиналар мен сержанттар!

Жолдастар, офицерлер, адмиралдар мен генералдар!

Бүгін біздің еліміздің Қарулы Күштері бүкіл совет халқымен бірге ССР Одағының Соғыс- Теңіз Флоты Күнін атап өтеді.

Сіздерді Соғыс- Теңіз Флоты Күнімен құттықтаймын.

Соғыс- Теңіз Күштері адам құрамының және кеме құрылысы өнеркәсібінің барлық жұмысшыларының, инженерлерінің, қызметшілерінің және конструкторларының жаңа соғыс техникасын өркендету және жетілдіру, Совет мемлекеті Соғыс- Теңіз Флотының жауынгерлік әзірлігін арттыру ісінде онан әрі табыстарға жетуін тілемін.

БҰЙЫРАМЫН:

Бүгін, 25 июльде, Соғыс-Теңіз Флоты Күні құрметіне, флоттар мен флотилияларда артиллериядан жыйырмабір дүркін атып, соғыс корабльдері мен жағадағы батареялардан салют берілсін.

Совет мемлекетінің Соғыс-Теңіз Флоты жасасын!

Ұлы совет халқы және оның Қарулы Күштері жасасын!

Совет Үкметі жасасын!

Біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы —Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

ССР Одағы Қорғаныс Министрі
Совет Одағының Маршалы Н. А. БУЛГАНИН.

ОРАЛ АҒАШЫНЫҢ БІР МИЛЛИОН ТЕКШЕМЕТРІ

ГАЙВА поселкесі (Молотов облысы), 15 июль. (СОТА). Кама су электр станциясының кеме жүретін шлюзі арқылы ағаш бастық Оксак жолдастың вахтасы өндаған мың текшеметр ағаш алып өтті, сойтіп, тапсырманы еңбекшілер артық орындады.

Бұл күні шлюз арқылы ағызылатын Орал ағашының бірінші миллионы бітті.

II. Өнеркәсіп өнімі өндірісінің өсуі

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында 1953 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлерін өндіру мынадай болып өзгерді:

	1953 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 1954 жылдың бірінші жартыжылдығының процент көрсеткіштері		
Шойын	106,0	Көмір	108,0
Болат	109,0	Мұнай	110,0
Прокат	109,0	Бензин	109,0
Болат трубалар	112,0	Дизель отыны	140,0
Мырыш	107,0	Табиғи газ	112,0
Қорғасын	115,0	Электр қуаты	111,0
Мырыш	107,0	Табиғи газ	112,0
Қорғасын	115,0	Электр қуаты	111,0
		Мұнай	110,0
		Бензин	109,0
		Дизель отыны	140,0
		Табиғи газ	112,0
		Электр қуаты	111,0
		Көмір	108,0
		Мұнай	110,0
		Бензин	109,0
		Дизель отыны	140,0
		Табиғи газ	112,0
		Электр қуаты	111

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің 1954 жылға арналған мемлекеттік жоспарының бірінші жартыжылдықта орындалу қорытындылары туралы

ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық Статистика Басқармасының хабарының соңы

III. Ауыл шаруашылығы

(Басы 1-бетте).

Колхоздар, машина-трактор станциялары мен совхоздар көктемгі егісті ойдағыдай өткізді. Дәнді дақылдар егу жоспары артығымен орындалды.

1954 жылы колхоздар мен совхоздарда дәнді дақылдар өткен жылғыдан 9,5 миллион гектар артық себілді. Мұнымен қатар, дәнді дақылдар егісінің алаңы 6,4 миллион гектар ұлғайтылды, оның ішінде жаздық бидай 3,6 миллион гектар және азықтық жүгері 756 мың гектар ұлғайтылды. Өткен жылғыдан мақта егісінің алаңы 354 мың гектар артық, сол сияқты қант қызылшасы, күнбағыс және басқа майлы дақылдар егісінің, біржылдық шөптердің, мал азығындық тамыржемістер мен сүрленетін дақылдардың көлемі ұлғайды. Өткен жылмен салыстырғанда картоп пен овощь егісінің көлемі артты, алайда, картоп және овощь егу жоспары орындалмады. Сол сияқты, шашақты зығыр егу жоспары да орындалған жоқ.

Қазақстанның, Сібірдің, Уралдың, Поволжьенің және Солтүстік Кавказдың колхоздары мен совхоздарында дәнді дақылдар егісінің көлемін ұлғайту мақсатында 1954—1955 жылдары 13 миллион гектар тың және тыңайған жерлер игерілуге тиіс еді. 1954 жылғы 10 июльге дейін үстіміздегі және келесі жылдың егістері үшін осы жерлердің 10 миллион гектарға жуығы жыртылды. Мемлекеттік жоспар бойынша колхоздар мен совхоздар 1954 жылғы көтемге 2,3 миллион гектар тың және тыңайған жерлерге егін егуге тиіс еді. Ал, шынында 3,6 миллион гектар жерге егін егілді.

Үстіміздегі жылы колхоздар мен совхоздарда 1953 жылғыдан 53 миллион гектар артық зябке дәнді дақылдар егілді. Картоптың, жүгерінің, күнбағыстың және басқа отамалы дақылдардың едәуір бөлегі шаршы-уя және шаршы әдіспен егілді және отырғызылды.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында ауыл шаруашылығы 92 мың трактор (15 аттық күші бар тракторлер есептегенде), 52 мың жүк автомобильдерін, 18 мың астық комбайндарын, оның ішінде 8,5 мың өздігінен жүретін комбайндарды, тракторға тіркелетін және өздігінен жүретін 15 мың шөп машиналарын, оның ішінде 4 мыңға жуық өздігінен жүретін шөп машиналарын, сол сияқты, егін жыйнайтын машиналарды, қызылша жыйнайтын комбайндарды, зығыр жыйнайтын комбайндарды, астық тазалайтын және басқа ауылшаруашылық машиналарын көптеп алды. Ауыл шаруашылығы, сонымен қатар, 5 мыңнан аса картоп жыйнайтын комбайндар алды. Үстіміздегі жылы өнеркәсіп ол комбайндарды жаппай шығара бастады.

Тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарға бірінші жартыжылдықта 65 мың трактор (15 аттық күші бар тракторлер есептегенде), 20 мыңнан аса астық комбайндары және 6 мыңнан аса жүк автомобильдері жеткізілді.

Ауыл шаруашылығының техникалық жағынан жабдықталуының өсуі, дәнді дақылдар егісін егу және егістерді күту жұмыстарын онан әрі механикаландыруға мүмкіншілік береді. Үстіміздегі жылы колхоздарда дәнді дақылдар егудің 86 проценті механикаландырылды, колхоздарда картоп отырғызу жұмыстарын механикаландыру дәрежесі 40 проценттен асты.

Машина- трактор станциялары үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында колхоздарда ауылшаруашылық жұмыстарын өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жұмсақ жерге айналдырғанда 26 миллион гектар артық жүргізді.

Колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығы 1954 жылдың бірінші июліне 1953 жылдың июлімен салыстырғанда мына мөлшерде көбейді:

Сыйыр малы жөнінен — 10 процент және шошқа басы жөнінен —5 процент, Колхоздарда қой қыстатудың және алыстағы мал жайылымдарының қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы салдарынан қойдың басы 3 процент кеміп кетті. Осы мерзім ішінде ССРО Совхоздар министрлігінің совхоздарында сыйыр басы — 9 процент, шошқа —3 процент және қой —2 процент көбейді.

Колхозшылардың жұмысшылар мен қызметшілердің жеке меншігіндегі малдары да едәуір көбейді. 1953 жылдың 1 июлінен 1954 жылдың 1 июліне дейін колхозшылардың жеке меншігіндегі сыйырларының саны —7 процент, ірі қарамалдың төлі —15 процент, шошқа — 26 процент және қой —35 процент көбейді.

Елімізде өнімді малдың жалпы саны барлық шаруашылықтар бойынша 1953 жылмен салыстырғанда 1954 жылдың 1 июліне, алдын- ала есепке қарағанда, мынадай мөлшерде көбейді: сыйыр — 8 процент, шошқа —10 процент және қой —4 процент.

IV. Темір жол, су және автомобиль

ганына қарамастан, күрделі қаржы жұмсаудың және халық шаруашылығы бойынша өндірістік қуаттарды іске қосудың жартыжылдық жоспары толық орындалмады. ССРО Қара металлургия министрлігі, ССРО Түсті металлургия министрлігі, ССРО Көмір өнеркәсіп министрлігі, ССРО Мұнай өнеркәсіп министрлігі, Химия өнеркәсіп министрлігі, Станок жасау және құрал- сайман жасау өнеркәсіп министрлігі, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі, ССРО Балық өнеркәсіп министрлігі жоспарды едәуір кем орындады.

Күрделі қаржыны жұмсаудың өсуіне қарамастан ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі және Дайындау министрлігі құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспарын едәуір кем орындады.

ССРО Құрылыс министрлігі 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында 1953 жылдың бірінші жартыжылдығынан құрылыс- монтаж жұмыстарының жоспарын 22 процент артық, ал, Металлургия және химия өнеркәсібі кәсіпорындарының құрылысы министрлігі —10 процент артық орындады, алайда, жартыжылдық жоспарды бұл министрліктер орындаған жоқ.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында көптеген құрылыстарда машиналар мен механизмдердің босқа тұруына және қаңғаттанғысыз пайдаланылуына, жұмысшы күшінің жиі ауысуына жол берілді, құрылыстың қунын кеміту жөніндегі тапсырмалардың орындалуы қамтамасыз етілмеді.

VI. Ішкі және сыртқы сауданың өсуі

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында совет саудасы онан әрі өрістетілді. Өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірісін өркендетуде, еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын кемітуде қол жеткен табыстар негізінде үкмет 1954 жылғы 1 апрельде жаңадан — карточка системасы жойылғаннан бері сегізінші рет — азық -түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын кемітті. Бағаларды жаңадан кеміту совет сомын онан әрі нығайтуға және біздің еліміздің халықтарының тұрмыстық дәрежесін арттыруға көмектесті.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында **мемлекеттік және кооперативтік** сауда бойынша халыққа сатылған товар (салыстырмалы бағамен) 1953 жылдың бірінші жартыжылдығындағыдан 21 процент артық болды. Мұнымен қатар, деревняда сауда жүргізетін Орталық тұтыну ұлдар одағының бөлшек сауда айналымы осы мерзім ішінде 32 процент артты. 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік және кооперативтік сауданың бөлшек сауда айналымының жоспары артығымен орындалды.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында 1953 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда жеткелеген азық-түлік товарларын сату мынадай мөлшерде артты: ет өнімдері—30 процент, балық өнімдері—24 процент, мал майы—28 процент ,өсімдік майы және басқа тағамдық майлар—30 процент, сүт және сүт өнімдері—21 процент, қант—14 процент, кондитер тағамдары—14 процент, шай—19 процент, цитрус—47 процент.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында 1953 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда өнеркәсіп товарларының ішінен мынадай товарлар едәуір артық мөлшерде сатылды: мақта маталар 19 процент, жібек маталар—45 процент, жүн маталар—56 процент, киім—24 процент, тоқыма бұйымдар—24 процент, шулық және ұйық—31 процент, былғары аяқкиім—15 процент, сағаттар—36 процент, тігін машиналары—31 процент, мебель—37 процент, тозаң сорғыштар—төрт еседен аса, патефондар—33 процент, телевизорлар —екі еседен аса, радиобылдағыштар—екі еседен аса, фотоаппараттар —53 процент, мотоциклдер — 65 процент, жеңіл автомашиналар — 70 процент, тоңазытқыштар —үш ес дерлік және кір жуатын машиналар —он есе.

1954 жылғы бірінші жартыжылдықта 1953 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда өндірістік- шаруашылық маңызы бар товарларды: ағаш материалдарын, цементті, терезе шыныларын, шиферді, үй төбесіне жабатын жұмсақ материалдарды, шегені және үй төбесіне жабатын қаңылтырды, сол сияқты, колхоздарға жүк автомобильдерін сату едәуір арттырылды.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында **сыртқы сауда** саласында шетелдермен экономикалық байланыс онан сайын кеңейе түсті, өткен жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда сыртқы сауда айналымы 30 процент арттты.

VII. Жұмысшылар мен қызметшілер санының көбеюі және еңбек өнімділігінің

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Жалаң басшылықтың салдары

НИКОЛАЕВ МТС-ІНДЕ ПАРТИЯЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫСТЫҢ ДӘРЕЖЕСІ ТӨМЕН

МТС кеңсесі алдындағы екі тақтаның екі түрлі бейнесі ерекше көзге түседі. Олардың бірі—көрсеткіш тақтасы. Оған механизаторлардың социалистік жарысының нәтижелері жазылмағалы ұзақ уақыт өткен. Екіншісі—бұйрық тақтасы. Оның бетінде бос жер жоқ. Бұл бұйрықтардың әр жолынан «сөгіс», «ақырғы сөгіс» деген сөздерді оқыйсыз.

Бұқараның творчестволық ісі — социалистік жарыстың барысы көрсеткіш тақтасынан орын таппағанына іштей қынжылып, кеңсеге кіріп, оның бөлмелерінде болғанда станцияның есеп қызметкерлерімен бірге тынымсыз счет қағып, мәлімет жазып, не болмаса телефон соғып жатқан бас маманды: аға зоотехник Әуеленов, бас агроном Омаров, партия ұйымының секретары Кунгурцев жолдастарды көресіз. Олардың қай қайысымен сөйлессеңіз де трактор бригадаларындағы жағдайды, әсресе, механизаторлардың социалистік жарысының барысы, мәдени- тұрмыстық жағдайы жөнінде ештеңе айта алмайды. Өйткені, бұл жолдастардың мал азығын дайындау мен жаңа жерлерді жыртуда жұмыс істеп жүрген механизаторлардың мәдени қоғарына бармағанына 15—20 күндей болыпты.

Кунгурцев жолдастың айтуынша, партия ұйымының ұгіт коллективінде 17 адам бар. Олардың әр қайсысы трактор бригадаларында тиісті жұмыс жоспары бойынша дауыстап газет оқып, әңгімелер өткізетін сияқты. Бірақ, трактор бригадаларында болғанымызда Кунгурцев жолдастың сөзінің шындыққа жанаспайтынын байқадық.

Мәселен, № 2 трактор бригадасының тракторшысы Шацкий жолдас МТС орталығынан небары 2 километр жерде шөп шабуда жұмыс істейді. Ол өзінің қажырлы еңбегімен жұртшылықтың құрметіне бөленген. Шацкий жолдастың «НАТИ» тракторында қызыл жалау желбірейді. Бұл агрегатта жұмыс істейтін механизаторлар мен колхозшы шаруалар ұгітшілердің өздерінде болмайтынына қатты қынжылады.

—Біздің бригадада МТС партия ұйымынан Жданович жолдас ұгітші деп естіміз, —дейді Темірбеков жолдас. —Бірақ, ол бригадада соңғы бір айдың ішінде бірде- бір рет болып көрген емес. Колхоз партия ұйымының ұгітшісі оқытушы Попов жолдасты да көктемгі егістен кейін көрген емеспіз.

Басқа трактор бригадаларындағы бұқаралық -саяси жұмыстың жайы туралы да осыны айтуға болады. № 12 трактор бригадасында жауынгерлік листоктың соңғы номері мұнан бір ай бұрын, 25 июньде шыққан.

Трактор бригадаларында саяси ұгіттің жалпы төмен болуы неліктен? Атап айдателі Яшен жолдастар үйлерінде отырып, комсомол жыйналысына келуді, жастардың көкейтесті мәселелеріне құлақ асуды қажет деп таппады.

—Әуелбековтың әдеті осы. Ол өзінің директорлық қауызына ғана тұйықталып, жастардың алдыңғы отряді—комсомолмен санаспайды, —дегенді айтты жыйналысқа келген комсомолцетер трактористі Легаев, Радченко жолдастар және басқалары.

Бұл бекер айтылған сөз емес. Әуелбеков жолдас партиялық саяси жұмыстан тыс қалған. Ол партия бюросының мүшесі бола тұрып, ешқандай партиялық тапсырма атқармайды, механизаторлармен әңгімелер өткізіп, саяси бағдама жасамайды.

— Мен директор емес пе, қалай партиялық тапсырма атқарамын, —деп жүре жауап береді Әуелбеков жолдас.

Осы сөзді естігенде Әуелбеков жолдастың жастығы ма, неғұрлым саяси тоңышқарлығы ма деп ойлайсың. Сондықтан жас директордың болашағы үшін оған мынаны ескерткіміз келеді.

—Егер сен, Әуелбеков жолдас, директорлық қауызына ғана тұйықталып, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарынан, механизаторлар бұқарасынан қол үзетін болсаң, жұмыс істеуің қыйын болады, төрешілдік дертке шалынасың. Мұны ұмытпаң есте ұстау керек.

МТС-те партиялық- саяси жұмыстың дәрежесі төмен болуы шаруашылық міндеттерді ойдағыдай шешу ісіне керісінше әсер етпей отырған жоқ. Станцияда еңбек тәртібі нашар, бай техника тиімді пайдаланылмайды. Көктемгі дала жұмыстары басталғалы тракторлардың бос тұруы 1399 трактор-сменаға жеткен.

Станция мастерскойының жанында күні осы уақытқа дейін 6 өздігінен жүретін шөп машинасының, жаңадан алынған бір шөп маялағыштың жұмысқа қосылмай, бос тұруына МТС басшылары қынжылатын емес. Станция қамтуындағы колхоздарда 20 июльге дейін шөп шабу жоспарының небары 42-ақ процент орындалуы, ал, Жданов атындағы колхозда бұл жұмыстың қарқыны мүлде баяу болуы МТС-те бар техниканың толық пайдаланылмауының салдары деуіміз керек.

Осы сияқты, комбайндардың тең жартысы жөндеуден өткен жоқ. Ал, жөндеуден өткен комбайндардың әрқайсысына 2—3 және одан да артық ақаулар кездеседі.

Машина- трактор станциясында партиялық- саяси жұмыстың дәрежесі төмен болуына Преснов аудандық партия комитеті, оның секретарьлары кінәлі екенін атап айтқан жөн. Аудандық партия комитетінің Николаевка МТС-і аймағы жөніндегі секретары Колесникова жолдас

транспорты тасымалының өсуі

1954 жылғы бірінші жартыжылдықта темір жол транспортында жүк тиеудің орта тәуліктік жалпы жоспары 101 процент орындалды. Алайда, вагондардың жүк көтеру мүмкіншіліктерін темір жол транспорты, сол сыяқты, жүк жөнелтушілер тарапынан жеткілікті пайдаланбау салдарынан жүк тиеу жоспары тонна есебімен 99,7 процент орындалды.

Қара металл, кокс, қара металл сынықтарын, шым тезек, ауылшаруашылық машиналарын, тракторлар, автомашиналар, химиялық, минералдық тыңайтқыштар, астық, мақта жүктерін, жүн, зығыр, тар, астық, мақта жүктерін, жүн, зығыр, жұмыртқа және сүт өнімдерін, өсімдік майын, овощ және жеміс, картоп, балық, консерв, кондитер тағамдарын, макарон, май, темекі және темекі заттарын, мата, тоқыма, сыртқы киім, ішкі киім және басқа тігулі буйымдар, мебель, сабын және парфюмерия, сіреңке тиеу жоспары орындалды және асыра орындалды.

Таскөмір тиеу жоспары орындалған жоқ. Бірінші жартыжылдықта 3 миллион тоннадан аса таскөмір кем тиелді. Сол сыяқты, ағаш жүктерін, отын, цемент, өртке қарсы күрес құралдарын, құрылыс материалдарын, кен, флюс, аяқкиім, үй шаруашылығына қажетті металдан жасалған заттар тиеу жоспары орындалмады.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында 1953 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда темір жолдарда орта тәуліктік жүк тиеу 6 процент артты.

1953 жылдың бірінші жартыжылдығына қарағанда 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында жүк вагондарының айналымының орташа уақыты едәуір қысқарды, алайда, 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында жүк вагондарының айналымын тездету тапсырмасы орындалмады. Сол сыяқты, темір жолдар жүк тиелген поездардың жылдамдығын арттыру жөніндегі тапсырманы да орындамады.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында өзен және теңіз флоты министрлігі жалпы алғанда жүк айналымы жоспарын 91 процент орындады. 1953 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында теңіз және өзен транспортының жүк айналымы 4 процент артты.

Теңіз транспорты жүк айналымы жоспарын 102 процент және жүктерді тасу жоспарын 93 процент орындады. Өзен транспорты жүк айналымы жоспарын 82 процент және жүк тасу жоспарын 87 процент орындады.

ССРО Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігі 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында жүк айналымы жоспарын 103 процент және жүктерді тасу жоспарын 101 процент орындады. Автобустармен жолаушыларды тасу жоспары 108 процент орындалды. Алайда, одақтас республикалардың Автомобиль транспорты және тас жолдар министрліктерінің бірқатары жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудың жоспарын орындамады.

V. Күрделі құрылыстың өсуі

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында 1953 жылдың осы кезімен салыстырғанда жұмсалған мемлекеттік күрделі қаржылардың мөлшері 114 процент болды. Ал, 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында 1953 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда жұмсалған күрделі қаржының көлемі 104 процент болатын.

1953 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 1954 жылғы бірінші жартыжылдықта жұмсалған күрделі қаржының мөлшері былай сипатталады: қара металлургияда —103 процент, көмір өнеркәсібінде —123 процент, электр станцияларында —118 процент, машина жасау саласында —116 процент, құрылыс материалдары өнеркәсібінде — 110 процент, ағаш және қағаз өнеркәсібінде —125 процент, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде —148 процент, транспортта — 108 процент, ауыл шаруашылығында— 153 процент, саудада —230 процент.

1954 жылдың бірінші жарты жылдығында тұрғын үй құрылысы, мектеп құрылысы, денсаулық сақтау, балалар бақшалары мен яслилерінің, пионер лагерьлерінің, кино- театрлардың және басқа мәдени- тұрмыстық мекемелердің құрылысы зор көлемде жүргізілді. 1953 жылдың бірінші жартыжылдығына қарағанда 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында тұрғын үй құрылысына жұмсалған күрделі қаржының көлемі 120 процент болды.

Күрделі құрылыстың едәуір өсіп отырғыны 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында 1953 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда халық шаруашылығында жұмысшылар мен қызметшілердің саны едәуір көбейді. Осы мерзім ішінде өнеркәсіптегі, құрылыс пен транспорттағы жұмысшылар мен қызметшілердің саны 1.200 мың адам, оқу орындарында, ғылми-зерттеу және емдеу мекемелерінде—300 мың адамнан аса, сауда және тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығында —200 мың адам артты.

Ауыл шаруашылығында трактор бригадаларының жұмысшыларын МТС-тердің тұрақты және маусымды жұмысшыларының қатарына қосу, тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандардағы жұмысшылар мен мамандар санының артуына байланысты МТС-тер мен совхоздардағы жұмысшылар мен қызметшілердің саны 1953 жылғы бірінші жартыжылдықтағыдан 2.300 мың адам артық болып отыр.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында фабрика- завод оқуы мектептерін, тау- кен өнеркәсіп мектептерін және ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерін бітірген 338 мың жас маман жұмысшылар өнеркәсіпке, құрылысқа, транспортқа және ауыл шаруашылығына жіберілді. Олардың ішінен 228 мың механизаторлар ауылшаруашылығына жіберілді. Жеке- бригадалық оқу және курстық оқу жолымен 3.600 мың жұмысшылар мен қызметшілердің мамандығы арттырылды және оқытылды.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында, өткен жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда еңбек өнімділігі өнеркәсіпте 7,5 процент және құрылыста 7 процент артты, алайда, өнеркәсіп пен құрылыста еңбек өнімділігін арттыру жоспары толық орындалмады.

VIII. Мәдени-құрылыс және денсаулық сақтау

Үстіміздегі жылы жұмысшы және селожастары мектептерін қоса есептегенде жетіжылдық және орта мектепті бітіргендердің саны өткен жылғыдан 14 процент артық болды. Өткен жылмен салыстырғанда орта мектептерді бітіріп, кәмелеттік аттестат алғандардың саны қалаларда 69 процент және селолық жерлерде 82 процент артық болды.

Сырттан оқыйтындарды қоса есептегенде жоғарғы оқу орындары мен техникумдарды үстіміздегі жылы 550 мыңнан аса жас мамандар бітіріп шығады.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығының аяғында өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда киноустановкалардың саны 2 мың дерлік артты.

Өткен жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында қала салуда және қаладағы пионер лагерьлерінде, экскурсиялық- туристік базаларда немесе балалар бақшаларымен, балалар үйлерімен және балалар яслилерімен бірге дачаларға барып дем алып жатқан балалар мен жас өспірімдердің саны артты. Селолық жерлерде балалар үшін көптеген жазғы алаңдар ашылды.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында ССРО-да тегін берілетін халыққа медициналық көмек көрсету онан әрі жақсарды және артты. Ауруханалар, әйелдер босанатын үйлер, санаторийлер және демалыс үйлерінің сеті ұлғайды. Олардың емдеу және ауруды анықтайтын аппаратуралармен жабдықталуы жақсарды. Дәрі- дәрмек, медициналық жабдық және аспаптар өндіру 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында өткен жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 23 процент артты.

Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында 22 миллионға жуық адам жұмысшылар мен қызметшілерге еңбекақысын сақтап жыл сайын берілетін кезекті демалыстарын пайдаланды. Тегін немесе кемітілген бағамен берілген жолдамалар бойынша өздерінің демалыстарын санаторийлер мен демалыс үйлерінде өткізген еңбекшілердің саны артты.

* * *

1954 жылдың бірінші жартыжылдығы жоспарының орындалу қорытындылары ССРО-ның бүкіл халық шаруашылығының онан әрі өркендеуін және ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесжылдық жоспары тапсырмаларының ойдағыдай орындалып келе жатқанын сипаттайды.

ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық Статистика Басқармасы

ЕЛДІ ПУНКТТЕРДІ КӨРКЕЙТЕ БЕРЕМІЗ

Петропавл ауданындағы Новопавлов селолық Советі депутаттарының елді пункттерді көркейту жөніндегі үндеуін біздің селолық Советтің депутаттары мен активтері қызу қарсы алып, Возвышен және Ұзынкөл совхоздарының елді пункттерін көркейту жөнінде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды.

Қазір бұл совхоздарда құрылыс жұмыстары қызу қолға алынып, зор қарқынмен жүргізіліп жатыр.

Возвышен астық совхозындағы құрылыс бригадаларының мүшелері бұл игілікті іске өздерінің еңбектерін аямай жұмсауда. Мәселен, осы совхоздың № 3 бөлімшесінде совхоз жұмысшылары үшін жаңа үйлер салу қызу қолға алынған. Бұл бөлімшеде быйылғы жылы 27 тұрғын үй салу жоспарланып отыр.

Тұрғын үйлер салу жұмысы Ұзынкөл астық совхозының № 2 бөлімшесінде де қызу жүргізілуде. Мұнда быйылғы жылы 20 тұрғын үй, нан пісіретін үй, ескі клуб үйіне жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Сонымен қатар, быйылғы жылы орталық усадьбаны, сол сыяқты, совхоз бөлімшелерін көгалдандыру ісіне де көңіл бөліп отырмыз. Қазірдің өзінде 2600 түп көркейткіш және 1700 түп жидек-жеміс ағаштары егілді.

Біздің селолық Советтің қамтуындағы мектеп үйлерін жаңа оқу жылына әзірлеу жұмыстары да ерте-ақ басталды.

Быйылғы жылға жасалған жоспар бойынша, егін орағы басталғанша совхоз бөлімшелерінің аралығындағы жолдар, бөлімшелер мен совхоздың орталық усадьбасына, Қарақоға, Булаев станцияларына дейін грейдер жолдарын түзейміз.

Елді пункттерді көркейте беру ісіне колхозды селоның барлық еңбекшілері белсене қатысуда. Селолық Советтің депутаттары А. Чударов, В. Белицкий, К. Жетібаев, сол сыяқты, село активтері В. Ступак, Ветрещак, А. Роусков жолдастар да село еңбекшілері арасында үгіт-бұқаралық және саяси-көпшілік жұмыстарын СОКП Орталық Комитетінің сентябрь февраль-март және июнь Пленумдарының қаулысының негізінде жүргізеді.

Біз Возвышен селолық Советінің депутаттары мен активтері елді пункттерді көркейту ісінде орын алып отырған кемшіліктерді тез жойып, еліміздің мыңдаған селоларындай өз селомызды бұрынғыдан да көркейте беру жолындағы күресте жаңаямай еңбек етіп, село еңбекшілерінің мәдениетін арттыра береміз.

Н. ЛЕСИК,

Возвышен селолық Советінің председателі.

ту қажет, партия ұйымының үгіт коллективінің жұмысына басшылығы мен бақылауы жоқтың қасы. Үгітшілердің семинар кеңестері сирек өтеді. Онда МТС директоры, партия бюросының мүшесі Әуелбеков шаруашылық жұмыстарының барысы жөнінде, МТС мамандары агрозоотехникалық тақырыптарда баяндама жасап, көрген емес.

Үгіт жұмысында социалистік жарыс озаттарының жұмыс тәжрибелерін насихаттау ұмыт қалған. Рас, МТС-те 10 күнде бір рет бюллетень шығарылады. Бірақ, бұл бюллетеньнен бригадалар мен жеке тракторшылардың жұмыстарын көрсететін құрғақ цифрдан басқа ештеңе көруге болмайды. Бюллетеньде озат бригадалардың, жеке тракторшылардың жұмыс тәжрибелері жазылып, социалистік жарыста артта қалушылар қатаң сынға алынбайды. Міне, сондықтан да МТС бойынша шығатын бюллетеньнің мазмұны механизаторлардың тілегіне жауап бермейді.

МТС партия ұйымы станцияның агрокомдары мен зоотехниктерінің, инженер-механиктерінің бұқаралық -саяси жұмысқа арналасуын қамтамасыз ете алмай келді. Басқаны айтпағанда аға зоотехник Дәуленов, бас агроном Омаров, бас инженер Гурский жолдастардың механизаторлармен басқа да қызметкерлер арасында ғылым мен озат техниканың табыстары жөнінде және басқа мәселелер жөнінде лекция оқып, баяндамалар жасамауларына қалай төзуге болады.

МТС қызметкерлерінің басым көпшілігі комсомолецтер мен жастар. Олай болса, комсомол ұйымының жұмысын жақсартып, комсомолецтер мен жастардың өндірісте авангардтық рөлін арттырудың зор маңызы бар. Алайда, партия ұйымы комсомол ұйымының жұмысына немкетті қарайды. Трактор бригадаларында көктемде ұйымдастырылған үш комсомол ұйымының екеуі таратылып жіберілген. Станцида комсомол жыйналысы өтпегеніне екі айдан астам уақыт болды.

Өткен жексенбі күні МТС комсомол ұйымының жыйналысын шақыру белгіленді. Онда СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы жөнінде мәселе талқылануға тиіс еді. Бірақ, МТС басшыларының, әсресе, Әуелбеков жолдастың бригадалардағы комсомолецтерді транспортпен қамтамасыз етпеуі себепті жыйналыс өтпей қалды. Сонымен қатар, Әуелбеков, кәсіподақ ұйымының председателі Ерсарин жолдастың ұсынысы бойынша, МТС комсомолдарының хатшысы Ахметжанов жолдастың да қызметтен босатылғанына ай жарым уақыт өтті. Осылай болғандықтан аудандық партия комитетінің секретарлары Долженко, Болатбаев жолдастар станция партия ұйымына ерекше назар аударып, онда партия-саяси жұмысты жақсарту жөнінде нақтылы көмек көрсетуге тиіс еді. Бірақ, амал не, аудандық партия комитетінің тарапынан МТС партия ұйымына басшылық жеткілікті деп тіпті де айта алмаймыз.

Рас, жақында аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Бабенко жолдасты МТС аймағына уақытша қызметке жіберді. Оның келгеніне небары 2—3 күн ғана болды. Жаңа келген жас нұсқаушы МТС аймағында жұмысты неден бастарын білмей, өз уақытының кеншілігін станция мен колхоздардың кеңселерінде өткізіп жүрген көрінеді.

Мұнан 10—15 күн бұрын МТС аймағында аудандық комитеттің секретары Болатбаев жолдас болыпты. Бірақ, ол МТС директорлары арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты, социалистік жарысты ұйымдастыру жөнінде партия ұйымына қажетті көмек көрсетпей, МТС директоры мен кейбір бригадаларға ат-үсті соғып, кете барыпты.

Болатбаев жолдас жақында станцияға тағы келді. Ол келісімен шаруашылық жұмыстарының жайымен ғана шұғылданып, партиялық -саяси жұмыс жөнінде жұмған аузын ашпады. Болатбаев жолдас өзінің бұрынғы әдетінше станция мамандары: бас агроном Омаров, аға зоотехник Дәуленов, бас инженер Гурский жолдастарды жыйып алып, өзіне баяндама жасауын мәліметтер әзірлеу жөнінде тапсырма берді де келесі колхозға жүріп кетті. Аудандық партия комитетінің станция мен колхоздарда бұлай үстірт басшылық етуінен пайда қандай?

СОКП Орталық комитетінің июнь Пленумы мал азығын дайындау, егін жыйнауға әзірлік жөніндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетуді талап етті. Олай болса, Преснов аудандық партия комитеті партия басшылығын ауылшаруашылық өндірісіне жақындатып, колхозшы шаруалар мен МТС қызметкерлерінің социалистік жарысын кеңінен ұйымдастыруға міндетті.

М. НҰРҒОЖИН,

Преснов ауданы.
Николаевка селосы,

Насихатшылар курсы аяқталды

Кеше ҚКП облыстық комитетінің жанында ұйымдастырылған насихатшылардың бір айлық курсы өзінің жұмысын аяқтады. Курста партия, комсомол оқуы жүйесіндегі насихатшылардан 200-ден аса адам және аудандық партия комитеттерінің штаттан тыс лекторлары оқыды.

Бірқатар аудандар, әсресе, Булаев, Ленин, Совет аудандық партия комитеттері насихатшыларды іріктеп алу мәселесіне ерекше назар аударып, курсқа қажетті білімі және даярлығы бар коммунистерді жіберді. Мәселен, Ленин ауданынан келген 16 насихатшының бәрі дерлік жоғары және ортадан жоғары дәрежелі білімдері бар жолдастар.

Курсқа қатысушылар СОКП-ның тарихы мен теориясы жөнінде, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің сыртқы саясатының негізгі принциптері туралы лекциялар, облыс партия ұйымының ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі міндеттері туралы баяндамалар тыңдады.

Сонымен қатар, курс тыңдаушылары семинар сабақтарына қатысты, насихатшылар Хохлов Сергин және Жолмұханов жолдастар тәжрибелерін зор ынтамен тыңдады.

Курсті бітірген жолдастар партия, комсомол оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына әзірлік, насихатшыларды даярлау жөніндегі жергілікті партия ұйымдарына зор көмек көрсетпек.

Суретші В. Лыковтың Мемлекеттік бейнелеу искусствосы баспасы басып шығарған плакаты.

ССР Одағының Соғыс-Теңіз Флоты Күні

☆ В. ЛАЙОК, Генерал- лейтенант ☆

ССР Одағының Соғыс-Теңіз Флоты Күні—советтік соғыс теңізшілері мен социалистік Отанымыздың барлық еңбекшілерінің дәстүрлі мерекесі. Бұл күні Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлері жауынгерлік және саяси даярлықтағы, озат соғыс техникасын меңгерудегі, еліміздің белсенді қорғанысын нығайтудағы табыстары жөнінде Коммунистік партияға, Совет Үкметіне рапорт береді.

Ұлы теңіздік держава—Совет Одағының теңіз жағалаулары екі мүкитпен және 14 теңізбен көмкерілген, оның теңіздік шекараларының ұзындығы 47 мың километрден асады. Совет халқы И.В. Сталин атындағы Беломор—Балтық каналы, Москва атындағы канал, В.И. Ленин атындағы Еділ-Дон кеме жүретін канал сияқты дүние жүзіндегі ең ірі кеме жүретін каналдар салды. Мұның нәтижесінде Москва бес теңіздің порты болды.

Мемлекетіміздің өмірлік мүдделері ертеден теңізбен тығыз байланысты. Өз тарихының көптеген ғасырлары бойына орыс халқы теңізші халық даңқына ие болды. Оның ержүрек перзенттеріне адамзат дүниежүзілік ғылымға үлкен үлес болып қосылған ұлы географиялық жаңалықтармен борышты.

Біздің Отанымыз теңізшілер Дежневтің, Беринттің, Чириковтың, ағайынды Лаптевердің, Крузенштерннің, Головниннің, Невельскойдың, Лазаревтің, Нахимовтың, Макаровтың, Ушаковтың, Нельмановтың, Лунинаның, Ивановтың, Ларионовтың, Ивановтың, Ларионовтың, Ивановтың, Ларионовтың

...лемдік бимақтарын зерттеп меңгерген басқа да теңізшілердің аттарын мақтаныш етеді. Орыс теңізшілері жер шарының барлық сулы жерінің үштен бір бөлегін зерттеді; жүздеген жаңа аралдар, архипелаттар, жерлер ашты, онмыңдаған километр жағалаудың дәлме-дәл сипатын берді. Дүниежүзілік географиялық картада 500-ден аса орыс аттары бар. Орыс халқының соғыс тарихын даңқты флотшылар—Спиридовтың, Ушаковтың, Лазаревтің, Сенявиннің, Нахимовтың, Макаровтың есімдері безендіреді. Бұлар орыстың ұлттық соғыс-теңіз ғылымын жасау ісіне зор үлес қосты және бүкіл дүние жүзі алдында Отанымыздың жауларымен жеңіпаз ұрыстарда флот искусствосының үлгілерін көрсетті.

Орыстың кеме жасаушылары—инженер И.Г. Бубновтың, адмирал С.О. Макаровтың, таманда оқымысты А.Н. Крыловтың кәзір барлық елдерде кеме жасау ісінің негізі болып отырған еңбектері кеңінен мәлім. Дүниежүзілік ғылымға радионы және радиолокация идеясын ойлап шығарған Кронштадт мина мектебінің оқытушысы ұлы орыс ғалымы А.С. Попов келелі үлес қосты. Орыстың теңіз офицері А.Ф. Можайский дүние жүзінде бірінші болып самолет жасады және оны әуеде сынады.

Орыс Соғыс-Теңіз Флотының тарихы еліміздегі даңқты Революциялық қозғалыстардың тарихымен тығыз байланысты 1905 жылғы июньде болған «Потемкин» броненосы кемесіндегі көтеріліс «армия мен флоттағы ең бірінші рет көтерілген бұкаралық революциялық атпаныс болып табылды,—делінген партиямыздың тарихының қысқаша курсінде,—патша әскерлерінің бір ірі бөлегінің ең бірінші рет революция жағына шыққандығы болып табылды».

Соғыс-Теңіз Флотымыздың тарихының ең жарқын беттері еңбекшілерге азаттық жолын көрсеткен Коммунистік партияның қызметімен тығыз байланысты. Партияның және ұлы көсем В.И. Ленинніңшақыруы бойынша революциялық пиғылдағы матростар солдаттармен және барлық еңбекшілермен бірлесе отырып, Ұлы Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты, революцияның басталғандығын «Аврора» крейсері зеңбіректерінің үнімен хабарлады.

Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде соғыс теңізшілеріміз Қызыл Армияның бөлімдерімен бірлесе отырып, қиямыл жасады, барлық майдандарда жанкиярлықпен шайқасты, сойтіп, Ұлы Октябрьдің жеңістерін қорғады. Екі флот, өзендік және көлдік флотилиялар құрғақтағы әскерлермен тығыз бірлесе қиямыл жасай отырып, жас Совет Республикасының жауларын талқандады, 60 мыңнан аса теңізшілер құрғақта шайқасты.

Интервенттер мен ак гвардияшыларды талқандағаннан кейін ССР Одағының теңізшілерінің... осы замандағы соғыс кемелері мен қару жарағы болып қана қойған жоқ, советтік соғыс ғылымын меңгерген тәжрибелі қаншалары да болды.

Біздің Соғыс-Теңіз Флотымыз зор майданның бірде-бір участкесінде гитлершілдер армиясының советтің құрғақтағы әскерлерінің флангісінен шабуыл жасауына жол берген жоқ. Душпан бірде-бір десант түсіре алмады. Ал, совет теңізшілері соғыс кезінде тактикалық және оперативтік көлемдегі жүзден аса десанттық операциялар жасады. Севастопольді, Ленинградты, Сталинградты, Одессаны қорғаған Ұлы Отан соғысының басқа да көптеген шайқастарына қатысқан біздің соғыс-теңізшілеріміздің ерліктері өшпес даңққа бөленген. Соғыс кезінде душпанның әскер, қару-жарақ, оқ-дәрі тасуда жүрген жүздеген ірі және орта транспорттары суға батырылды. Жаудың көптеген соғыс кемелері мен мыңдаған самолеттері жойылды.

Жапон империалистерінің армиясын талқан еткен шабуыл жасаушы Совет Армиясының бөлімдеріне жауынгерлік белсенді көмек көрсеткен Тынық мұхит флотының теңізшілері зор ерліктің үлгісін берді.

Фашистік Германияны және империалистік Жапонияны толық талқандаумен аяқталған бүкіл ұлы Отан соғысы бойына Совет Соғыс-Теңіз Флоты өзінің алдына қойылған міндеттерді аброймен орындады, құрғақтағы әскерлеріміздің сенімді көмекшісі бола білді. Оның бұл міндеттерді ойдағыдай орындауы Коммунистік партиямыздың, флоттың өсуі мен нығаюына байланысты мәселелерге соғысқа дейін көп бұрын зор көңіл бөлгендігінің арқасы. Біздің соғыс кемелеріміз, Соғыс-Теңіз техникамыз өзінің сапасы жөнінде неміс-тердікінен кем болу былай тұрсын, қайта жаудың корабльдері мен техникасынан басым болды. Мұнда Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшылығы арқасында жасалған социализм елінің қуатты индустриялық базасының шешуші ролі болды.

Совет халқы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғандығы үшін еңалдымен біздің барлық жеңістеріміздің жасаушысы, ұйымдастырушысы және демеушісі даңқты Коммунистік партияға борышты. Совет Қарулы Күштерін жеңіске жеткізген негізгі қайнар көз Советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылысының жеңілмейтін күші, совет экономикасының артықшылығы, коммунизмнің ұлы идеяларының қуатты күші болды.

Соғыс-Теңіз Флотының қуаттылығы және жеңілмейтіндігі жауынгерлерді ұлы ерліктерге рухтандырған Коммунистік партияның ұйымдастырушылық және жұмылдырушылық қызметімен қамтамасыз етілді. Соғыс теңізшілеріміздің даңышпан Коммунистік партияға деген сүйіспеншілігі мен берілгендігінің жарқын дәлелі мы... ...одағының белсенді қорғанысын үздіксіз нығайту қажеттігі соғыстан жеңіннгі дәуірде Соғыс-Теңіз Флотының алдына, бүтіндей ССР Одағының Қарулы күштері алдына жаңа күрделі міндеттер қойды. Жыйналған жауынгерлік тәжрибелерді жыйнақтай және пайдалана отырып, соғыс теңізшілеріміз өздерінің жауынгерлік шеберліктерін арттыру жолында үздіксіз жұмыс істеп келеді. Соңғы жылдары соғыс ісінің барлық саласында елеулі жаңалықтар ашылып, жетілдіріліді. Кеме құрылысы үздіксіз дамуда. Қару-жарақтың жаңа түрлері жасалуда.

Соғыс-теңізшілеріміз өздерінің дәстүрлі мерекесін жазғы қызу оқу жағдайында қарсы алып отыр. Олар отандық өнеркәсібіміз флотты жабдықтаған тамаша техниканы табандылықпен меңгеруде. Бүкіл жыл бойы, әуе райының қандай жағдайында болса да жүзудің қыйын искусствосын үйренуде. Олардың теңіздік және әскери оқуының сапасы жоғары екендігі, тәртіптілігі мен ұйымшылдығы соңғы кезде соғыс кемелерінің достық сапар мақсатында шетелдерге жасаған жарықтарынан айқын көрінуде.

Совет Одағының соғыс кемелері Румынияның, Болгарияның, Польшаның, Албанияның, Финляндияның порттарында болып қайтты. Біздің теңізшілеріміз ССР Одағының соғыс-теңіз жалауын өздерінің ата-бабалары даңқты флотшылардың командованиесімен ұрыстарда шайқасқан және жеңіске жеткен теңіздерден алып өтті.

Саяси және әскери тәрбие жөніндегі жүргізілін жатқан флоттағы үлкен жұмыстар соғыс-теңізшілерінің моральдық-жауынгерлік сапарларының жоғары дәрежеде дамуына көмектеседі. Саяси органдар, флоттағы партия және комсомол ұйымдары теңізшілерді үздіксіз советтік патриотизм, социалистік Отанды Совет Үкметін, туысқан Коммунистік партияны, коммунизмнің ұлы ісін шексіз сүю және берілу рухында үздіксіз тәрбиелеп келеді.

Социализм мен демократия лагеріндегі зор табыстар бейбітшілік жауларының қутырына ызалануын тудырып отыр. АҚШ империалистері халықаралық ынтымақты нығайту ісіне бөгет жасауға барынша жанталасуда. ССР Одағы мен халықтық демократия елдеріне қарсы соғыс әзірлеу саясатын жүзеге асыруда, бейбітшілік сүйгіш халықтарға қарсы толып жатқан түрлі провакация және авантюра жасауда.

Бұл жағдайда соғыс-теңізшілері өздерінің қырағылықтарын арттыруда, даңқты Совет Армиясының сенімді көмекшісі—Советтік Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлік қуатын нығайтуда, Коммунистік партияның және Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтасқан өзінің социалистік Отанына шексіз берілген олар қай уақытта болса да коммунизм орнатып жатқан халықтың бейбіт жемісті еңбегін бұзуды ойлайтын қандай да болмасын агрессорға өлтіре соққы беруге әзір.

...типсті адамдар мен астық тасыйтын көлік, автомашиналар бөлінді. Сонымен бірге, комбайн агрегатының егін жыйнайтын участоктерін бөліп, онымен комбайншыларды және трактористерді таныстырдық.

Колхоз басқармасы егін жыйнау маусымында бригада мүшелеріне жақсы мәдениетті демалуларына жағдай туғызып, оларды уақытылы ыстық аспен қамтамасыз ету жөнінде бірқатар шаралар белгіледі.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын біздің бригаданың механизаторлары өндірістік өрлеу үстінде зор қуанышпен қарсы алды. Бұл күндері олар қаулыны мүлтіксіз жүзеге асыру үшін өздерінің алған міндеттемелерін орындау жолында еңбектің игі нәтижелерін көрсетіп жүр.

Ә. АСАДУЛАЕВ,
Баян МТС № 25 трактор бригадасының бригадирі,
Социалистік Еңбек Ері.

...пайдаланып келеді.

Бригада көктемде тың көтеру, оған тұқым себу жоспарын 15 майда МТС-те бірінші болып орындап шықты. Егіс жұмыстары агротехникалық ережелерге сәйкес өткізілді.

2000 гектар тың көтеріліп, жылдық тапсырманың 125 процент орындалуын қамтамасыз етті.

Бригада коллективі әлі де жоспардан тыс тың көтеруді және жыртылған тынды бап тап, күтуді қызу қарқынмен жүргізуде.

М. БІРІМОВ.

Егін орағына дайындық жұмыстары аяқталып келеді

Конюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозының колхозшылары партия мен үкметіміздің елімізде астық қорын молайту жөніндегі қаулыларына сәйкес жұмыс істеп, 1954 жылға дәнді дақыл, овощь өнімдерін әлде қайда көп өндіріп, колхозшылар еңбеккүніне астықты мол беруге жоспарлап отыр. Осы, негізгі міндеттерді аброймен орындау үшін егіс орағын мерзімінде бастап, оны ысырапсыз жыйнап алу жолындағы социалистік жарысты күннен- күнге күшейтуде.

Колхозда егіс орағына дайындық жұмыстары ерте басталып, колхозшылар қажырлы еңбектің игі нәтижелеріне жетісуде. Колхозда кәзірдің өзінде астық тазалайтын 8 сортировка, 3 триер толық жөндеуден өткізілді. Колхоздың егіс далаларында үш жабық қырман салынды. Мұның біреуі быйылғы жылдың өзінде механикаландырылады. Колхоздың астық қоймаларының 50 процеттен астамы күрделі және жеңіл жөндеулерден өткізілді. Дала қырмандарынан астық тасуға 20 бричка, және жәшіктер де толық әзірленді.

Бұл күндері колхоз мүшелері егіс орағын мерзімінде бастауға керекті құрал-саймандарды әзірлеу жұмыстарын да аяқтап келеді.

ЛЕНИН АТЫНДАҒЫ МТС-те

Жаңа бөлімше

МТС- те саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының бөлімшесі ұйымдастырылды. Бөлімшені МТС партия ұйымының секретары Кузнецов жолдас басқарады. Бөлімше МТС- тің қамтуындағы колхоздарда саяси, ғылми және ауылшаруашылық тақырыптарында лекциялар оқуды ұйымдастырып отырады.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы секретары К. Қопышев жолдас жақында Аманкелді атындағы, Бостандық және басқа колхоздарда СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы жөнінде лекциялар оқыды. Бұл лекцияларға колхозшылар мен механизаторлар көптеп қатысты.

Лекторлар тобы

МТС партия ұйымының жанында 7 адамнан құрылған лекторлар тобы жұмыс істейді. Оның құрамында ауылшаруашылық мамандары, инженерлер және механизаторлар бар. МТС-тің бас агрономы Чинишлов жолдас «Культурный пахарь», «Семеновод» және басқа колхоздарда тың және тыңайған жерлер игерудің агротехникасы, тың игеру елімізде астық молшылығын жасауға мүмкіндік береді деген тақырыптарда лекциялар оқыды.

Ауыл интеллигенттерінің көмегі

МТС- тің қамтуындағы Аманкелді атындағы колхоздың мұғалімдері, колхоз активтері, мамандар жақында шөп үюге көмекке барды. Жексенбілікке қатысушылар екі звенога бөлініп, бір күн ішінде 500 центнерге жуық шөп үйді. Ал, бұл күні колхоз бойынша 1200 центнер шөп үйілді.

Ауыл интеллигенциясы жексенбілікке шықпас бұрын шөп шабу және оны үю жұмыстарының арасында үлкен алшақтық болатын. Маялау жұмыстарына көмектесуі, шөп шабу, оны үю жұмыстарының арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік берді.

Озат шөп маялағыштар

Аманкелді атындағы колхоздың колхозшыларына қаладан 18 адам көмекке келді. Олар кәзір 2 звенога бөлініп, шөп жыйнайды және оны маяға салады. Олардың ішінде теміржолшылар, «Молот» кәсіпшілік артелінің жұмысшылары және қаланың басқа кәсіпорындарынан келген адамдар бар.

Шөп маялауда жұмыс істейтін теміржолшылар Фахрутдинов, Коркин, Гурин және басқалары күн сайын 215 центнер жемшөп үйіп, сменалық тапсырмаларын асыра орындауға жетісуде.

Үлгілі кітапханашы

Блимов жолдас Талапкер ауылдық Советі жанындағы оқу үйінде көп уақыттан бері меңгеруші болып істеп келеді. Ол осы ауылдық Советке қарайтын «Талапкер», Аманкелді атындағы колхоздардың бригадаларында, фермаларында жиі болып, онда жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерін шығаруға көмектеседі.

Оқу үйінің ауыл интеллигенттерінен құрылған активі бар. Блимов жолдас активтерді мәдени- ағарту және бұқаралық- саяси жұмыстарға тарту арқылы оқу үйін колхозды ауылдағы мәдениет орталығына айналдыруда. Кәзір оқу үйінің активтері шөпшілер мен механизаторлар арасында СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын кеңінен насихаттауда.

Еңбеккүнге шөп беруде

МТС-тің қамтуындағы «Новая жизнь» колхозы 8 мың центнерге жуық жемшөпті маяға салды. Шөпшілер, МТС- тің осы колхозда жұмыс істейтін механизаторлары егін орағына дейін қоғамдық малды жемшөппен қамтамасыз ету міндетін алға қойып отыр.

Жақында колхоз басқармасы колхозшылардың мал азығын дайындауда тапқан еңбеккүндеріне беру үшін 332 центнерден астам шөп бөлді. Өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасының жүргізушілері Ландман еңбеккүніне 32 центнер 52 килограмм, Багнер 19,4 центнер, ол колхозшылар Горст, Ледаргосты жолдастар 18 центнерден жемшөп алды. Колхоз басқармасы енді аз күннен кейін колхозшылардың еңбеккүндеріне тағы да жемшөп бөлуді жоспарлап отыр.

КИНО

„Мұны ұмытуға болмайды“

Москваның М. Горький атындағы көркемсуретті фильмдер киностудиясы «Мұны ұмытуға болмайды» деген көркемсуретті фильм жасап шығарды.

Бұл фильм кәзір облысымыздың кинотеатрларында көрсетіле бастады. Фильм Украин халқының империалистік жыртқыштардың сұғанақтығы мен әртүрлі буржуазияшыл ұлтшылдардың шпиондық агентураларына қарсы күрестерінің бір көрінісін суреттейді.

...Батыс Украинаның үлкен қалаларының бірінде совет елінің жалынды патриоты, бейбітшілік жолындағы қайратты күрескер жазушы Александр Гармаш Ұлы Отанымыздың игілігі үшін творчестволық еңбек етеді. Гармаштың совет халықтары және дүние жүзіндегі прогрессшіл халықтар сүйіп оқыйтын «Халық достығы», «Испания очерктері», «Біздің бақытымыз», «Жеңіс біздікі» деген кітаптарының әрқайсысы еліміздің коммунизм жолында күннен- күнге гүлденіп өсіп келе жатқанын көре алмайтын шетел империалистері мен оның малайларының әбден тынышын кетіріп, қытығына тиіп болып еді. Өйткені, талантты жас жазушы бұл кітаптарын бейбітшілік жауларының жауыздығын, әртүрлі қарақшы лас жолдармен үкмет басына отырып алған халықаралық опасыз империалистердің, өзінің жеке басының ғана баю қамын ойлайтын соғысқұмар, қаніпшерлердің іс- әрекеттерін әшкерелеуге арнаған.

Жазушының шығармаларынан өлердей қорыққан империалистер енді өздерінің итаршылары —шетел разведкалары арқылы, оның агенттеріне совет жазушысы Александр Гармошты мораль жағынан аздыруға жасырын тапсырма береді. Бұл тапсырма бойынша жазушының «жазылып біткен және жазылуға тиісті» шығармаларының ешқайсысы да баспадан шықпауы керек.

Аз тиражды ескі кітапхана меңгерушісі деген атпен кітапханада жүрген шпион Вольский (УССР-нің халық артисі Ю. Лавров) әлі баспадан шықпаған, бірақ, осы кезде жазылып біткен Гармаштың «Халықаралық опасыздардың өмірін баяндау» деген кітабына жала жабу мақсатына рецензия жазу үшін барлық мүмкіншіліктерді пайдаланып бағады. Бұл мақала газет редакциясына келіп түскеннен кейін газеттің мәдени бөлімінің меңгерушісі коммунистка Анна Дашенкоға күдік тудырады. Ол мақаланың басынан аяғына дейін шін- шикі өтірік, құрақ жала екендігін редакторға айтып, оның газет бетіне жариялануына мүлдем қарсы болады. Бірақ, редактор Федченко, Анна Дашенко жазушы Гармаштың әйелі болғандықтан онда семьялық көз- қарас болуы мүмкін, ол ерін әр уақытта жақтауға тиісті деген өзіндік қате пікірмен, оның үстіне жазушының бұдан бұрын өзіне арналған сын мақаласын есіне алып, ол мақалаға газет бетінен орын



«Мұны ұмытуға болмайды» фильмінен кадр

ғады. Ал, доцент Ярчук студенттерді ұлтшылдықтың уымен уландыру үшін университет кафедрасынан өзінің оқығаң лекцияларында әдейі Украин тарихын бұрмалаушылардың еңбектерінен цитаталар келтіреді.

Өзі оқып жүрген университеттің доценті Ярчук пен Вольскийдің ықпал етуімен студент комсомолец Ростислав Данченко (артист В. Тихонов) ұлтшылдық сарында тақпақтар жаза бастайды. Ол коллективтен, жолдастарынан жекеленіп кетеді. Мұны сезген жолдастары да. сүйген қызы Галина да жазған тақпақтарының совет жастарына тән емес теріс бағытта екендігін айтады. Бірақ, Ростислав оны түсінбейді.

Осы жағдайлардан кейін іштей біраз күдіктерге күйінген Данченко ақыл сұрап, көмек ағысы келіп, Гармашқа барады. Гармаш оның тақпағын оқып шығып, қате көз- қарасын сезеді де, өзінің жас, жаңа жазып жүрген кезінде Батыс Украинада совет өкметі әлі толық орнамай тұрған кезде жазған шығармаларын ұлтшылдардың құдаған, баспадан талай өткізбей тастағанын, ол кездегі өмірдің өте ауыр, аянышты болғандығын, сейтіп жүргенде В. Маяковскиймен қалай кездесіп таныс болғанын, ол таныстықтан көп күш- жігер, сезім алғандығын айтады.

Осыдан кейін Данченко салақтықтың салдарынан комсомол билетін жоғалтып алады. Ол билетті қолына түсірген жауыз Вольский Данченконы өз ықпалына ертіп алмақ болады. Бірақ, советтік патриотизм рухында тәрбиеленген комсомолмен ерте танысқан облыстық хауіпсіздік органы шетел буржуазиясының агенті Ярчукті Гармаштың үйінде дерекзінде ұстайды. Жауыздардың жоспары іске аспай, олар комсомолец Данченконы да, коммунист Гармашты да сатып ала алмайды. Данченко өзінің ұлтшылдық бағытта жазған тақпағын түзеп жазады, Гармаш соғыс өртін тұтандырушыларға «Күрес әлі біткен жоқ» деген жаңа кітабымен жауап береді.

Фильм жарқын жаздың қабаршысы жазғытырғы мезгілінде жоғары шат көңілде еңбек етіп, білім алып жүрген совет халықтарын көрсетумен аяқталады.

Фильм құнды әрі мазмунды болып шыққан. Фильмге қатнасушы артистер мен артисткалар өз геройларының мінезқұлқын көрсетуде барлық искусстволық дарындықтарын сарқа пайдалана білген.

Фильмде, әсресе, СССР-ның халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты С. Бондарчуктың ойнауындағы жазушы Гармаштың ролі аса жақсы шыққан. Артист өзінің талантты сахна шеберлігін тағы да бір рет көрсетті. Гармаштың совет азаматы,коммунист жазушы деген атақты толық ақтай алатын адам, дарынды жазушы, қыйыншылық жайлар, өлім хаупі төніп тұрса да абыржып саспай ерлік көрсететін Отанымыздың адал партиоты екенін нанымды етіп көрсеткен. Сондай-ақ, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Л. Смирнованың орындауында Гармаштың әйелі коммунистка Анна Дашенконың образы өте сәтті шыққан. УССР-нің искусствоға сіңбегі сіңген кай-

Камбоджаның, Вьетнам мемлекетінің, Америка Құрама Штаттарының, Францияның, Лаостың, Вьетнам Демократиялық Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Біріккен Королдіктің және Советтік Социалистік Республикалары Одағының өкілдері қатысқан Женева кеңесінің Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру мәселесі жөніндегі 1954 жылғы 21 июльдегі

ҚОРЫТЫНДЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

1. Кеңес Камбоджадағы, Лаостағы және Вьетнамдағы ұрыс қыймылдарын біржолата тоқтататын және бұл келісім ережелерінің орындалуына халықаралық бақылау мен қадағалау қоятын келісімдерді еске алады.

2. Кеңес Камбоджада, Лаоста және Вьетнамда ұрыс қыймылдарының тоқтатылуын қанағаттанғандықпен атап көрсетеді; ол осы мәлімдемеде және ұрыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімдерде көрсетілген қаулыларды іске асыру Камбоджаның, Лаостың және Вьетнамның бұдан былай ұлттардың бейбіт бірлестігінде өзінің ролін толық тәуелсіз және суверенділікпен жүзеге асыруына мүмкіндік береді деген сенім білдіреді.

3. Кеңес Камбоджа мен Лаос үкметтерінің барлық азаматтардың, атап айтқанда, негізгі бостандықтарды сақтау жағдайында дауысты жасырын беру жолымен 1955 жылдың, бұл мемлекеттердің әр қайсысының конституциясына сәйкес, өткізілетін жалпыға бірдей таяуда өткізілетін сайлауға қатыса отырып, ұлттық бірлестікте өз орнын алуына мүмкіндік беретін шаралар қолданамыз деген мәлімдемелерін еске алады.

4. Кеңес Вьетнамдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің Вьетнамға шетелдік әскерлер мен шетелдік әскери қызметшілер әкелуге, сонымен қатар, қандай да болса қарумен соғыс жабдықтарын әкелуге тыйым салатын ережелерін еске алады. Ол, сонымен қатар, Лаос пен Камбоджа үкметтерінің өз территориясын пәрменді қорғаудың мүдделері үшін ғана, ал, Лаос үкметіне келетін болсақ, Лаостағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімде белгіленген шекаралар шеңберінде ғана материалдармен, қызметшілермен немесе нұсқаушылармен көмектесуді өтінетін болуды үйғарғаны туралы мәлімдемелерін еске алады.

5. Кеңес Вьетнамдағы ұрыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің ережелерін еске алады, бұл ережелер бойынша шетелдік мемлекеттің ешқандай соғыс базаларын екі жақтың қайта топтастырылған аймақтарында орналастыруына болмайды, соның өзінде бұл жақтар өздеріне бөлініп берілген аймақтарда ешқандай соғыс одағына қатыспауын және ұрыс қыймылдарын қайта бастау үшін немесе агрессиялық саясаттың мақсаттары үшін пайдаланылмауын қадағалап отыруға тиіс.

Кеңес, сонымен қатар, Камбоджа мен Лаос үкметтерінің мәлімдемелерін еске алады, бұл мәлімдемелер бойынша, егер басқа мемлекеттермен жасалған келісімдерде Біріккен Ұлттар Уставының принциптеріне, немесе Лаосқа келетін болсақ, Лаостағы ұрыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің принциптеріне сай келмейтін соғыс одағына қатысу, Камбоджаның не Лаостың территориясында шетелдік державалардың соғыс күштері үшін базалар құру міндеттемесі болған күнде, олар мұндай келісімнің қандайына болса да қосылмайды.

6. Кеңес ұрыс қыймылдарын біржолата тоқтату үшін соғыс мәселелерін іріктеу, Вьетнамға қатысы бар келісімнің негізгі мақсаты екенін, ал, демаркациялық соғыс линиясы уақытша линия болып табылады, сондықтан мұны белгілі бір дәрежеде саяси немесе территориялық шекара болып табылады деп сендіруге болмайтынын атап көрсетеді. Ол осы мәлімдемеде және соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімде көрсетілген ережелерді қолдану Вьетнамды саяси жағынан реттеуді ең тәуелсіз уақытта жүзеге асыру үшін қажетті жағдай тудырады деген сенім білдіреді.

7. Кеңес былай деп мәлімдейді: Вьетнам жөнінде тәуелсіздік, бірлік және территориясының бүтіндігі принциптерін құрметтеу негізінде жүзеге асырылатын саяси проблемаларды реттеу жасырын дауыс беру жолымен жалпы сайлау өткізу жағдайында құрылған демократиялық институттар кепілдік берген негізгі праволармен вьетнам халқының пайдалануына мүмкіндік беруге тиіс. Бейбітшілік орнатудың жеткілікті прогресс жасайтын болуы үшін және ұлттың өз тілегін еркін білдіруіне мүмкіндік беру мақсатымен қажетті жағдайдың бәрі жасалатын болуы үшін жалпыға бірдей сайлау соғыс қыймылдарын тоқтату жөніндегі келісімге сәйкес қадағалау және бақылау жөніндегі халықаралық комиссияға мүше мемлекеттердің өкілдерінен құрылған халықаралық комиссияның бақылауымен 1956 жылғы июльдің ішінде өткізілетін болады. Екі аймақтың өкмет орындарының беделді өкілдері арасында бұл жөнінде консультация алысу 1955 жылы 20 июльден бастап жүзеге асырылады.

8. Соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімдердің адамдар мен мүліктерді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған ережелері мейлінше қатаң түрде орындалуға тиіс және, атап айтқанда, Вьетнамдағы әрбір адамның өзі мекендегісі келетін аймақты еркін таңдап алуына мүмкіндік беруге тиіс.

9. Вьетнамның солтүстік және оңтүстік аймақтарының өкілдігі бар беделді өкмет орындары, сонымен қатар Лаостың, Камбоджаның өкмет орындары соғыс кезінде екі жақтың бірімен белгілі бір формада ынтымақтасқан адамдарды немесе олардың семья мүшелерін жеке-жеке, немесе коллективтік түрде қудалауға жол бермеуге тиіс.

10. Кеңес Француз республикасы үкметінің мәлімдемесін еске алады, бұл мәлімдеме бойынша Француз үкметі өз әскерлерін Камбоджаның, Лаостың және Вьетнамның территорияларынан мүдделі үкметтердің өтініші бойынша және әржақтың өзара келісуімен белгіленетін мерзімдерде әкетуге әзір, ал, екі жақ өзара келіскен күнде, француз әскерлерінің кейбір бөлегінің белгілі пункттерде және белгілі мерзімге қалдырылуы мүмкін.

11. Кеңес француз үкметінің Камбоджада, Лаоста және Вьетнамда бейбітшілікті қалпына келтіріп, нығайту ниетіне байланысты барлық проблемаларды реттеу кезінде Камбоджаның, Лаостың және Вьетнамның тәуелсіздігі мен суверенитетін, бірлігін және территориясының бүтіндігін сақтауды негізге аламыз деген мәлімдемесін еске алады.

12. Камбоджамен, Лаоспен және Вьетнаммен арадағы өз қатынастарында Женева кеңесіне қатысушылардың әрқайсысы жоғарыда аталған мемлекеттердің суверенитетін, тәуелсіздігін, бірлігін және территориясының бүтіндігін құрметтеуге, олардың ішкі істеріне қандай да болса араласудан тартынуға міндеттенеді.

13. Кеңеске қатысушылар Камбоджадағы, Лаостағы және Вьетнамдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімдердің сақталуын қамтамасыз етуге қажет болуы ықтимал шараларды қарау үшін өздеріне қадағалау және бақылау жөніндегі халықаралық комиссиялар тапсыратын қандай мәселе жөнінде болса да өзара консультация алысын туруға келіседі.

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінің қорытынды мәжлісінде 1954 жылғы 21 июльде жасаған

В. М. МОЛОТОВТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

берді.

Мақалаға көпшіліктің назарын тез аудару үшін жазушының жалғаны досы, университет доценті Ярчук (РСФСР-дың искусствоға еңбегі сіңген қайраткері, Сталиндік сыйлықтың лауреаты А. Хвыля) қалалық жыйналыстың мінбесіне шығып алып, мақаланың авторына арнап, өзіне тән екіжүзділіпен үрсу сөздерін айтайлай бастайды. Әзәзілдікпен мақалаға қарсы көз- қараста сыяктанады. Әдейілеп жыйналған облыстық партия комитетінің бюросында жала мақаланың жазылу себептері айқындалады. Обком секретары мен ішкі істер министрлігінің облыстық басқармасының бастығы полковник Марьян Максимович редактор Федченконың хателігін әшкерелейді. Осыдан кейін мақаланың авторының кім екендігі ашылады.

Жастарды өз топтарына тартып, тұзақтарына түсіру мақсатында жаулар идеологиялық - диверсиялық жұмысты өрістете түседі. Аз тиражды ескі кітапшы Вольский кітап алып оқып тұрушыларға буржуазияшыл- ұлтшыл жазушылардың пасық идеялы кітаптарын жасырын таралеп Данченко өз қателігін тез түсініп, Вольскийдің қолынан комсомол билетін тартып алып, аудандық комсомол комитетіне әкеп көрсетеді.

Шетелдік шпион жесір кемпір Бантыш (ССРО халық артисткасы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Е. Гоголева) Гармашты теріс бағытқа түсіріп, бейбітшілік жолындағы күресінен бас тартқызу үшін қолдан келген жауыздықтың бәрін істейді. Гармаштың үйінде тұрып, жауыздық жоспарын іске асыру үшін семьяда іріткі тұғызып, адал ниетті еңбек сүйгіш Глашаны үйден құғызып жібереді. Өзі Гармашпен іренжісіп, үйден кетерде Гармаштың шешесі Евдокия Сергеевнаны ертіп ала кетеді де, Гармашты үйде жалғыз қалдырады. Украин ұлтшылдарының бірі —доцент Ярчук түнде жалғыз қалған Гармаштың үйіне келіп, әртүрлі екіжүзділік әдістермен, тіпті қорқытып та жазушыны прогрессшілдік көз- қарасынан бас тартқызбақ болады. Бейбітшілік жолындағы қайраткер, жазушы Гармашты шпион Ярчук көндіре алмайтынын біліп, оны өлтірмек болады. Жауыздардың ісіраткері, Сталиндік сыйлықтың лауреаты А. Хвыля № 13 агентураның бастығы, шпион Ярчуктың ролін, УССР-дің халық артисі Ю. Лавров ескі кітаптар кітапханасының меңгеруішісі жауыз Вольскийдің ролін, олардың жиреніштi істерін, мінез-құлқын әшкерелей көрсете алған. Фильмдегі барлық образдар бірмелкі тартымды өмір шындығынан алынған. Бұл фильм қазіргі халықаралық жағдайда өліп бара жатқан империализмнің сәтсіздікке ұшыраған ақырғы әрекетін әшкерелейтін тәрбиелік маңызы зор картина.

«Мұны ұмытуға болмайды» кинофильмі совет халықтарының достығын өз Отанына шын берілгендігін, бейбітшіліктің туын жоғары ұстаушы адал, ержүрек, іскер адамдар екенін көрсетеді. Картинаның мазмұны шетел империалистерінің бейбіт халықты құлдыққа айналдыру жоспарының ешуақытта іске аспайтындығын, дүниежүзінде бейбітшілік ісінің жеңетіндігін айқын дәлелдейді.

Қ. БАТПЕНОВ,
А. ҚАЗТАЕВ.

Председатель мырза, министр мырзалар, Корея мен Индо-Қытай мәселелерін қарау үшін Берлин кеңесінің қарарына сәйкес шақырылған Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі үш ай дерлік уақытқа созылған өзінің жұмысын аяқтады.

Кеңеске қатысушылардың күш жұмсауы нәтижесінде, Женева кеңесі негізгі мақсатқа жетті: Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру міндеті ойдағыдай шешілді. Кеңесте қабылданған, Индо-Қытай халықтарының ұлттық праволарын тануға негізделген және Францияның мүдделерін еске алатын келісімдерге бейбітшілік күштерінің елеулі жеңісі деп, халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жолындағы ірі қадам деп қана қарау керек.

Вьетнамда, Лаоста және Камбоджада соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімдергe қол қойылды. Бұл келісімдер сегіз жылға созылған қантөгісті біржолаға тоқтатып, Индо- Қытай халықтарының ұлт- азаттық күресінің маңызды табысын айқын көрсетеді. Қазір олардың алдында бейбітшілік жағдайында экономика мен мәдениетті өркендетудің жаңа мүмкіндіктері ашылып отыр. Бұл келісімдер Француз республикасы мен Индо- Қытай мемлекеттері арасында достық қатынастарды өркендетуге негіз қалайды. Осы кеңеске қатысушылар қол жеткен келісімдерге өздерінің қанағаттанғандықтарын толық білдіре алады.

Вьетнамда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы келісімнің ерекше маңызы бар екенін атап айтпауға болмайды. Бұл келісімде ұлт- азаттық күресі, бұл күрестің ұлы құрбандықтары мен ерліктері халықаралық көлемде танылып отыр. Сонымен бірге, Вьетнамның солтүстік және оңтүстік бөлектері арасында уақытша демаркациялық шеп қоятын бұл келісімде аса маңызды жаңа міндеттер: бейбітшілік жағдайында және бүкіл вьетнам халқының ұлттық мүдделеріне сәйкес ұлты біріктіру ісін неғұрлым тез жүзеге асыру міндеттері қойылып отыр.

Бүгін қол қойылған келісімдердің Азия халықтары үшін зор маңызы бар, мұнда соғыстың тағы бір ошағы өшірілді. Бұл келісімдер, сонымен бірге, бейбітшілікті нығайту және халықаралық ынтымақты өркендету жолындағы жаңа, ірі қадам болып табылады.

Женева кеңесі үш ай дерлік уақытқа созылды. Бұл кеңестің нендей нәтижеге жеткенін және нендей нәтижеге жете алмағанын біз бүгін білеміз. Бұған байланысты Кореяны ұлттық жағынан біріктіру мүдделері үшін корей мәселесі шешілуін әлі де күтін отырғанын еске салу керек.

Индо-Қытай мәселесін осы кеңесте қараудың өзі екі кезеңнен өтті. Бұл мәселені қараудың бірінші кезеңі қандай қыйыншылықтарға кездескені барлық жұрттың есінде. Бірақ, бұл қыйыншылықтар жойылды. Кеңестің барысында ВДР делегациясының, сондай-ақ, Франция делегациясының бұл қыйыншылықтарды жеңуге қосқан үлесін жете бағалауға болмайды. Келіссөздердің өзара негұрлым жақсы түсінісуге мүмкіндік бергендігінің және осында мүделі екі жақтың да ізгі ниет білдіргенінің аса зор маңызы бар.

Кеңес жұмысының барысында оған қатысушылар өз позицияларын жақындаттыру, бір- бірімен ымырға келісу, сөйтіп, келіссөздерді жемісті ету мүмкіндіктерін тапты. Егер Құрама Штаттардың делегациясы, дегенмен де, осы күрделі жұмысты бәрінде де кеңеске қатысушылардың басқаларына онша толық қосылмай, ерекше позиция ұстаған болса, мұны біздің бәріміз де білеміз.

Екінші жағынан, Женева кеңесі Қытай Халық Республикасының пісуі жеткен халықаралық проблемаларды шешуге қатысуының өте жақсы зор маңызы бар екенін көрсетті. Қытайдың халықаралық проблемаларды шешуге қатысуына кейбір мемлекеттердің агрессияшыл топтары тарапынан әлі де кедергі жасалып отырғанын өмірдің өзі жойып отырғандығын осы кеңестегі келіссөздердің барысы айқын көрсетті.

Женева кеңесі мүделді мемлекеттер арасында келіссөздер жүргізу жолымен, белгілі жағдайда, халықтардың мүдделеріне, жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетіндей нәтижелер бере алатынын көрсетті. Совет Одағының бүкіл сыртқы саясатында ұстанылып келген принциптің —қазіргі халықаралық қатынастарда бейбітшілікті нығайтуға бағытталған келіссөздер жүргізу және келісімдер жасасу жолымен шешуге болмайтындай даулы мәселелер жоқ екендігі принципінің дұрыстығын Женева кеңесінің нәтижелері растан берді. Міне, бұл барлық жерде де танылатын болады.

Женева кеңесінде қол жеткен келісімдер туралы хабар бүгін бүкіл дүние жүзіне тарайды. Женева кеңесінің қол жеткен табысы барлық бейбітшіл халықтардың мүдделеріне, халықтардың бейбітшілігі мен бостандығының мүдделеріне сай келеді.

Бұл келісімдер және Женева кеңесі жұмыстарының маңызды нәтижелері халықаралық қатынастардағы шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге, бейбітшілікті онан әрі нығайтуға ұмтылған халықтардың еркі мен талабын нығайта түседі деп сенім білдіруіме рұхсат етіңіздер.

Сөзінің қорытындысында В. М. Молотов Женева кеңесіне кеңпейілдік, мейманжостық көрсеткені үшін Швейцария үкметіне, Женеваның басты адамдары мен өкмет орындарына өзінің алғысын айтты және Швейцария халқына ерекше сүйсінгендік сезімін білдірді.

Мұның үстіне, В. М. Молотов председательдік етуші Иденге алғыс айтып, Женева кеңесінің бүкіл барысында оның аса көрнекті роль атқарғанын атап көрсетті.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

БҮКІЛҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖЕТІНШІ СПАРТАКИАДА

Жарыстың онекінші күні

Сәулелі жарыққа бөленген рингте екі боксер, екі жерлес қарағандылық Кәрімов пен Луконин (жеңіл салмақ). Екеуі де жас, екеуі де бокс техникасын жақсы меңгергендер. Ұпай есебімен Кәрімов жеңіске не болды. Қазақстанның бокс жеңіндегі бірінші чемпионы анықталды.

Келесі финальдық жарыста жартылай жеңіл салмақтылар алматылық Үсенов пен қарағандылық Козловский кездесті. Үсенов тәжрибелі боксер. Ол жүзден астам кездесулер өткізді. Астаналық спортшының күшті шабуылына Козловскийдің төтеп беруге шамасы келмеді. Екінші раундта ол екі рет кәудқа жығылды. Жеңіс күшті басымдылық алған Үсеновке берілді.

Алматы және Қарағанды командаларының боксерлары тағы да шайқасқа шықты. Республиканың өткен жылғы чемпионы жеңіл салмақты Макарцев Қазақстан астанасының намысын қорғауда. Оның бәсекелесі Өзбекстанның өткен жылғы чемпионы Федоров. Алматылық құрметті атақты сақтап қала ала ма? Осы ой көптеген көрушілерді толғандырды. Бірінші раундта Федоров белсенділік алды, ал соңғы екі раундта басымдылық Макарцев жағында болды. Азғана басымдылықпен ол финальдық кездесуде ұтып, Қазақ ССР-нің чемпионы атағына ие болды.

Рингте ескі бәсекелестер спорт мастері Рожков (Алматы) пен бірінші орта салмақты боксер Хайрутдинов (Қарағанды облысы). Екі спортшы да шайқасты біркелкі қыймылмен, шашпақ дәл соққылармен тепе- тең жүргізуде. 9 минут өтті. Шайқастың аяқталғанына белгі берілді. Жеңіс спорт мастері жағында. Рожков— республиканың чемпионы.

Финальдық кездесулерде ұтып, алматылық М. Омаров (ең жеңіл салмақ), Хасанов (екінші жартылай орта салмақ), Скролис (екінші орта салмақ), Либерман (ауыр салмақ), Алматы облысының спортшылары Тычинин (бірінші орта салмақ) және Винниченко (жартылай ауыр салмақ) Қазақ ССР-ның бокс жеңіндегі чемпионы атағын алды.

Командалық есепте Қазақстан астанасының боксерлары бірінші орынға ие болды. Екінші орында қарағандылықтар, үшінші орында Алматы облысының командасы.

Жазғы жайдары күннің тыныштығын мотоциклдер моторының гүрлі бөліп жіберді. Комсомол көлі аймағында мотоциклмен жүруге қатысушылардың қорытынды жарысы басталды. Әйелдер үшін 35 километр аралықты жүру керек. Ал, ерлер 100 километр жол жүруге тиіс. Мотоциклшілердің жолында күрделі табиғи бөгеттер бар. Мұнда өтуге қыйын саз жерлер, жыртындылар, томарлар, дөңестер мен шұғыл бұрылыстар кездеседі. Әйелдер ішінде мотоциклді жүргізудің тамаша техникасын көрсеткен алматылық Комаркова болды. Ол өзіне ешкімді ілестірмей, 1 сағат 28 минут 34 секунд уақытта финишке бірінші болып келді.

100 километрге жарысуға қатысушылардың ішінде шиеленіскен тартыс басталды. Мотоциклмен финишке Крысанов (Алматы облысы) бұрын келді. Оның уақыты 3 сағат 11 минут 44 секунд. Бұдан кейін жарысқа шыққан алматылық Нелюбов аралықты жүріп өткенде сикундомер 2 сағат 35 минут 35 секунд уақытты көрсетті. Бұл сол күнгі ең жақсы нәтиже болды.

Судья коллегиясы мотоцикл спорты бойынша командалық бірінші орын алудың қортындысын шығарды. Алматылықтар жеңіп шықты. Екінші орынды Қарағанды облысының мотоциклшілері, үшінші орынды Шығыс Қазақстанның командасы алды.

22 июльде ауыр атлетика бойынша болған жарыс аяқталды. Жарыстың соңғы күнін штангашылар Қазақстанның бес жаңа рекордымен атап өтті. Алматылық жартылай ауыр салмақты Добряков екі қолдап штанга көтеруде өзінің салмақ категориясы бойынша республикалық нәтижені жақсартып, Қазақстанның чемпионы атағына ие болды. Жамбыл облысының штангашысы Есенбаевтың үлесіне (ауыр салмақ) үлкен жеңіс тиді. Ол штанга көтерудің негізгі түрлері бойынша рекордтық нәтижелерге жетіп, республиканың чемпионы атағын ұтып алды.

Штангашылар өздерінің спорттық шеберліктерінің едәуір артқандықтарын салтанат етті. Жарыс кезінде олар Қазақ ССР-ның 14 рекордын жаңартты. Командалық есепте бірінші орынға астана ауыр атлетшілері ие болды. Екінші орында— Қарағанды облысының, үшінші орында— Ақтөбе облысының командалары.

Қазақстанның чемпионы атағын алу үшін таласушы финальда ойнап жатқан 6 футбол командасының екі кездесуі болып өтті. Ақмола облысының командасы 3:1 есебімен Қостанай спортшыларын жеңді. Қарағанды облысының командасынан ұтылып, Шығыс Қазақстанның спортшылары футбол алаңынан жеңіліспен кетті. Шығыс қазақстандықтар спартакиадада бәсекелестерінің қақпаларына бірде-бір доп өткізе алмай, өз қақпаларына 10 доп енгізіп, үлкен жеңіліске ұшырады.

Волейбол алаңына Алматы және Қарағанды облыстарының әйелдер командалары шықты. Екі коллектив үшін де бұл ең шешуші кездесу. Олар бұл кездесуге бірде-бір рет жеңілмей және мүмкін болған 6 ойыннан алты-алтыдан ұпай алып келген болатын. Бірінші кезең 8:8, одан кейінгі кезең 9:9 болып екі жаққа бірдей тең шешілді. Бірте-бірте алматылықтар басымдылық ала бастады. Олар 15:10 есебімен бірінші кезеңде жеңіске ие болды. Екінші кезеңде есеп бұдан өзгерген жоқ. Алматылық волейболшылар үшінші кезеңде де жеңіске жетіп бірінші орынды өздеріне сақтап қалды.

Осы кезде көршілес аланда Қарағанды және Семей облыстарының ерлер волейбол командаларының өте шиеленіскен кездесулері өтіп жатқан еді. Олар таблицада екінші және үшінші орындарды өзара бөлісіп алған болатын. Жарыс күшті шиеленіскен жағдайда өтіп жатыр. Екінші кезеңде қарағандылықтардың спартакиаданың тәжрибесінде тым сирек кездесетін есеппен (18:16 утқанын атап айту керек. Шабуылда ерекше күшті ойынмен көзге түскен Қарағанды облысының спортшылары 3:0 есебімен жеңіске жетті.

Алматы баскетболшылары кездесулерде өздерінің бірінші орындағы жағдайын жақсартты. Бұл жарысқа дейін олар үш ойыннан үш ұпай алып, Алматы облысының баскетболшыларымен тең түскен еді. Есеп жеңінен Алматының командасы бірінші орынға шықты. Астаналық облыстың спортшылары үлкен жеңіліске ұшыраудан тайқасып, допты ұзақ ұстап ойнады, доптан айырылып қалуға қорқып, олар допты торға қарай өте сирек берді. Судьяның финальдық белгісінен 75-32 есебімен Алматы баскетболшыларының жеңгендігі мәлім болды.

Қорытынды ойындардың қарсаңында әйелдер баскетбол командаларының ішінде Алматы спортшылары бұрынғысынша бірінші орында келеді.

(ҚазТАГ).

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МҰНЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӘМЕЛЕТТІК АТТЕСТАТ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02072. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.